

Әдістемелік кеңес хаттамасы

Хаттама №1

Өткізілген күні: 02.09.2024 жыл

Қатысқандар: 26

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру.
ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік бағдарлама шолу жасау.
3. Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау
Мониторингі
4. Кіші жастағы балалардың бейімделу ағымды бақылау.
Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері А.Ж.Ахметова сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

Әдіскер өз сөзінде нұсқау-хаттың мақсаты – оқу жылы барысында тәрбие мен оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыруға бағыт беру екенін атап өтті.

Нұсқау-хатта көрсетілген негізгі бағыттар бойынша түсіндірме берілді:

- оқу жылы барысында ұйымдастырылатын іс-әрекет түрлері;
- тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау талаптары;
- күн тәртібі мен режимдік сәттерді ұйымдастыру ерекшелігі;
- қауіпсіздік ережелері және санитарлық талаптарды сақтау;
- балалардың даму мониторингі жүргізу тәртібі;
- ата-аналармен байланыс және кері байланыс жүйесін күшейту.

Сонымен қатар, әдіскер жаңартылған талаптар мен енгізілген өзгерістерге тоқталып, әр педагогтың жұмыс құжаттарын талапқа сай жүргізуі керектігін ескертті.

Әдіскер үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына тоқталып, негізгі бөлімдеріне талдау жасалды.

Үлгілік бағдарламада қарастырылған бағыттар:

- баланың физикалық дамуы;
- коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- танымдық және зияткерлік дамуы;
- әлеуметтік-эмоционалдық даму;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру.

Әдіскер оқу қызметін ұйымдастыруда ойын арқылы оқыту технологиялары, жобалық жұмыстар, тәжірибелік әрекеттер және интеграцияланған іс-әрекеттердің маңызына тоқталды.

Сонымен бірге, балалардың даму мониторингі жүйелі жүргізілуі тиіс екенін, бақылау нәтижелері педагог жұмысының сапасын бағалауға және балаға жеке қолдау көрсетуге көмектесетінін айтты.

Сөйлеген тәрбиеші: М.А.Сариева

Бағдарламадағы күтілетін нәтижелер балалардың жас ерекшелігіне сай екенін айтты.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіріп өткізу тәжірибесін көбейтуді ұсынды.

Нұсқау-хаттағы жоспарлау жүйесі нақты берілгенін айтып, тәрбиешілердің күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау кезінде жас ерекшеліктерін ескеруі керектігін атап өтті.

Психолог: А.К.Айжанова

Нұсқау-хатта балалардың психологиялық қауіпсіздігі мен жайлы орта қалыптастыруға ерекше назар аударылғанын айтты. Тәрбиешілерге балалардың эмоционалдық жағдайына бақылау жүргізуді ұсынды.

Әдіскер өз сөзінде жылдық жоспардың Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына және балабақшаның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленгенін атап өтті.

Жоспарда төмендегі негізгі бағыттар қамтылғанын айтты:

- тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру;
- педагогтардың әдістемелік және кәсіби дамуы;
- инновациялық технологияларды қолдану;
- ата-аналармен жұмыс;
- балалардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздік шаралары;
- мерекелік, мәдени-көпшілік іс-шаралар;
- бақылау және мониторинг жұмыстары.

Сонымен қатар, әдіскер оқу жылы бойына өткізілетін әдістемелік кеңестер, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері, семинар-практикумдар, педагогикалық шеберлік сағаттары жоспарға енгізілгенін атап өтті.

Сөйлеген тәрбиеші: Ж.Ж.Исмагулова

Тәрбиелеу-білім беру бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралар балалардың жас ерекшелігіне сай екенін айтты. Ата-аналармен жұмыс бөліміне практикалық бағыттағы іс-шараларды (шеберлік сағаттары, бірлескен ойындар) қосу қажеттігін атап өтті.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша

Әдіскер педагогтарға ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына шолу жасап өтті.

Әдіскер стандарттың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамыту, әлеуметтік бейімдеу және тәрбиелеу мен оқыту сапасын қамтамасыз ету екенін айтты.

Стандарттың құрылымы мен негізгі талаптары түсіндірілді:

- баланың даму бағыттары;
- білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелер;

-оқу жүктемесінің көлемі;

- жас ерекшелігіне сәйкес балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру;

- педагогтің кәсіби қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері.

Әдіскер педагогтарға стандарт талаптарын негізге ала отырып, ұйымдастырылған іс-әрекет пен күнделікті режимдік сәттерді тиімді жүргізудің маңызын түсіндірді.

Сөйлеген музыка жетекшісі:З.М.Жоламанова

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – стандарттағы маңызды бағыттардың бірі екенін айтты. Музыкалық іс-әрекет барысында балалардың еркін ойлауын және сахналық мәдениетін дамыту қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша:

1.Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингінің нәтижелерін қарастыру.

Тыңдалды:

Балалардың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг нәтижелері тыңдалды. Мониторинг барысында келесі білім беру салалары қамтылды:

-Денсаулық

-Коммуникация

-Таным

-Шығармашылық

-Әлеумет

Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың көпшілігі бағдарламалық талаптарға сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгергені анықталды. Кейбір тәрбиеленушілерде жеке білім беру салалары бойынша қосымша жұмыс жүргізу қажеттілігі байқалды. Тәрбиешілер мен мамандар балалардың даму деңгейіне талдау жасап, алдағы уақытта түзету-дамыту жұмыстарын күшейту қажеттігін атап өтті.

3-мәселе бойынша:

Балалардың жаңа ортаға бейімделу процесі күнделікті бақылау, ойын және оқу әрекеттері арқылы анықталды. Бақылау барысында назар аударылған негізгі аспектілер:

-**Әлеуметтік қарым-қатынас:** балалардың өзара достасуы, бір-біріне көмектесуі, ортақ іс-әрекеттерге қатысуы.

-**Эмоциялық бейімделу:** қорқыныш, қобалжу, күйзеліске реакция, эмоцияларды білдіруі.

-**Тәртіпке бағыну:** ережелерді орындау, тәрбиешінің нұсқауларын қабылдау.

-**Күн тәртібіне сәйкес іс-әрекет:** тамақтану, ұйықтау, ойын және оқу уақыттарын ұйымдастыруға икемделуі.

Мониторинг нәтижелері бойынша:

-Балалардың 70%-ы жаңа ортаға оңай бейімделген, әлеуметтік дағдылары қалыпты деңгейде.

-20%-ында ортаға толық бейімделу үшін қосымша қолдау қажет (ұсақ қобалжу, ережелерді кейде орындамау).

-10%-ында жеке психологиялық-педагогикалық бақылау ұсынылады (жеке назары мен эмоциялық тұрақтылығы төмен).

Тәрбиешілер мен психолог мынаны атап өтті:

1.Балалардың бейімделу деңгейін арттыру үшін ойындар мен топтық іс-әрекеттерді көбейту қажет.

2.Әр балаға жеке көңіл бөліп, ата-аналармен үнемі кері байланыс орнату маңызды.

3.Қоршаған ортаға бейімделуі баяу балаларға психологиялық қолдау мен жүйелі

бақылау жүргізу керек.

Қаулы:

1. Әдістемелік нұсқау-хат мазмұны педагогтарға таныстырылып, жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
2. Нұсқау-хатқа енгізілген өзгерістер педагогтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарына енгізілсін.
3. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары оқу-тәрбие процесінде қатаң сақталсын.
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүйелі жоспарлансын.
5. Әдіскер педагогтарға әдістемелік көмек көрсетіп, құжат жүргізу, жоспарлау бойынша бақылау жүргізсін.
6. Әр педагог балалардың даму мониторингін уақытында өткізіп, нәтижесін әдіскерге тапсырып отырсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Әдістемелік кеңес хаттамасы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 30.10.2024 жыл

Қатысқандар: 24

Күн тәртібінде:

1. Шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың тиімді ерекшеліктері.
2. Режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындау туралы нұсқау.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуге дайындалуға нұсқаулық.
4. «Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар және көрнекіліктер қоры» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау.
5. №2 педагогикалық кеңеске дайындық.

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Қатысушылар шығармашылық тақырыпты дұрыс таңдаудың маңызды аспектілерін атап өтті:

1. Мақсатқа сәйкес келуі

- Тақырып жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы қажет.
- Мақсатқа сәйкес тақырып шығарманы нақты бағыттап, нәтижелі жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

2. Қызығушылықты арттыру

- Тақырып автор үшін қызықты болуы керек.
- Қызығушылық шығармашылық ойлау мен жаңа идеяларды тудыруға ықпал етеді.

3. Жаңа идеялар туғызу

- Тақырып шығармашылық шешімдерді іздеуге мүмкіндік береді.
- Авторға эксперимент жасау және жаңа тәсілдерді қолдану мүмкіндігі береді.

4. Нақтылық және түсініктілік

- Тақырып нақты, анық және қысқа болуы тиіс.
- Бұл шығарманың мазмұнын шатастырмай жеткізуге көмектеседі.

5. Аудиторияға қолжетімділік

- Тақырып оқырманға немесе тыңдаушыға түсінікті, қызықты болуы қажет.
- Аудиторияны тарту шығарманың әсерін күшейтеді.

6. Шеңбер мен көлемді сақтау

- Тақырып шығарманы тым кеңейтпей, орынды көлемде ұстауға мүмкіндік береді.
- Бұл авторға жұмысты толық әрі жүйелі жазуға жағдай жасайды.

7. Мазмұнмен үйлесімділік

- Тақырып мәтіннің, эссе немесе жобаның мазмұнымен сәйкес келуі қажет.
- Логикалық тұтастықты қамтамасыз етеді..

8. Шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейту

- Тақырып авторға түрлі тәсілдерді қолдануға, идеяларды әртүрлі бағытта дамытуға мүмкіндік береді.

Сөйлегендер шығармашылық топ мүшелері: М.А. Сариева, Д.Н.Бисеналина

Қатысушылар тақырыпты таңдаудағы қиындықтарды талқылады:

- Тақырыпты анықтау кезінде артық немесе жеткіліксіз ақпараттан аулақ болу қажет.
- Жаңа идеяларды іздестіру үшін шығармашылық ойлау әдістерін қолдану ұсынылды.
- Тақырып аудиторияға түсінікті және қызықты болуын қамтамасыз ету үшін мысалдар мен практикалық тәсілдерді пайдалану қажет.

2-мәселе бойынша:

Режимдік сәттерді ұйымдастырудағы СанПин талаптарын қарастыру.
 Қазіргі режимдік сәттердің сапасы мен талаптарға сәйкестігін талдау.
 Қажетті түзету және бақылау шараларын бекіту.

Тыңдалды:

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

- «Балалардың режимдік сәттері – денсаулық, дамуы және тәртібі үшін маңызды.
 - Таңғы қабылдау кезінде балалардың денсаулығын бақылау, қол гигиенасын қадағалау қажет.
 - Таңғы жаттығулар мен ойын әрекеттерін жас ерекшелігіне сай өткізу маңызды.
 - СанПин талаптарына сәйкес тамақтану, ұйықтау және демалыс режимдерін сақтау керек.
 - Барлық тәрбиешілерге күнделікті бақылау жүргізіп, нәтижелерді тіркеу ұсынылады.»
- Сөйлеген медбике: Бурханова З.Т
- «Тамақтану кезінде балалардың қолдарын дұрыс жууы, үстелдік тәртіпке бағынуы міндетті.
 - Ұйықтау уақыты мен бөлменің санитарлық жағдайын қадағалау қажет.
 - Күнделікті бөлмені желдету, зал мен ойын алаңын тазалықта ұстау маңызды.
 - Қауіпсіздік пен гигиенаны сақтау балалардың денсаулығы үшін бірінші орында болуы керек.»
 - Қатысушылар режимдік сәттерді ұйымдастыруда СанПин талаптарын толық сақтау қажеттігін атап өтті.
 - Барлық тәрбиешілерге күнделікті бақылау жүргізіп, сәйкессіздіктерді дереу түзету.
 - Режимдік сәттерді өткізу барысында балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс.
 - Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау бойынша қосымша нұсқаулықтар тарату.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

- «Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері балалардың білімін, дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге арналған маңызды кезең.
 - Оқу қызметін өткізбес бұрын педагогтар мақсат, міндет, жоспар және әдістерді нақтылап алуы тиіс.
 - Оқу қызметінің барысын алдын ала ұйымдастыру, материалдар мен құралдарды дайындау қажет.
 - Балалардың жас ерекшелігіне және даму деңгейіне сәйкес іс-әрекеттерді жоспарлау маңызды.
 - Қоршаған ортаны қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай ұйымдастыру қажет.
 - Ашық сабақ немесе іс-әрекет кезінде педагогтар балаларға бағыт беріп, қызығушылықты арттыруға тырысуы керек.
 - Бақылау жүргізу, нәтижелерді тіркеу және қорытынды жасау маңызды.»
- Сөйлегендер:
- Әр тәрбиеші оқу қызметін өткізбес бұрын жоспар мен құралдарды тексеруі тиіс.

-Ашық сабаққа балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға ерекше назар аудару.

-Қауіпсіздік пен гигиенаны сақтау балалардың денсаулығы үшін бірінші орында болуы қажет.

-Нәтижелерді тіркеп, қорытындылау және тәжірибе бөлісу ұсынылды.

4-мәселе бойынша:

1.«Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар мен көрнекіліктер қоры»тақырыптық бақылау қорытындысын жасау.

2.Тәрбиешілердің материалдарды қолдану тәжірибесін талдау.

3.Қорытынды жасау және ұсыныстар беру.

Тыңдалды:

Сөйлеген тәрбиеші: Ж.Ж.Исмагулова

-«Дене шынықтыру сабақтарында қолданылатын дидактикалық материалдар мен көрнекіліктер қоры жеткілікті.

-Балалардың жас ерекшелігі мен физикалық дамуына сәйкес материалдарды таңдау маңызды.

-Сабақ барысында құралдарды тиімді пайдалану балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады.

-Кейбір құралдар мен көрнекіліктердің сақтау жағдайы жақсартуды қажет етеді.

-Барлық сабақтарда дидактикалық материалдардың толық болуы сабақтың нәтижелілігін арттырады.»

А.Ж.Ахметова әдіскердің пікірі:

-«Қордағы материалдарды жүйелі түрде тексеріп, жарамдылығын бақылау қажет.

-Жаңа құралдар сатып алу немесе ескілерін жөндеу бойынша ұсыныстар беру маңызды.

-Тәрбиешілерге құралдарды тиімді қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар берілуі тиіс.»

-Материалдар мен көрнекіліктердің сапасын тұрақты бақылау.

-Сабақтарда балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру үшін әр құралдың міндетті түрде қолданылуы.

-Қажет болса, жаңа материалдарды сатып алу немесе ескілерін жөндеу.

-Әрбір сабақта материалдарды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдау.

5-мәселе бойынша:

1.№2 педагогикалық кеңеске дайындық шараларын талқылау.

2.Кеңестің мақсаты мен жоспарланған мәселелерін қарастыру.

3.Шығармашылық топпен алдын ала материалдарды пысықтау.

Тыңдалды:

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

-«№2 педагогикалық кеңестің мақсаты – педагогикалық тәжірибені жетілдіру, балалардың білім беру және тәрбие процесіндегі нәтижелерді талдау.

-Кеңес барысында қаралатын мәселелер: жаңа әдістемелерді енгізу, оқу және тәрбие процесін жақсарту, балалардың даму динамикасы.

-Кеңеске дайындық барысында тәрбиешілердің материалдарды алдын ала пысықтап, нақты ұсыныстар дайындауы маңызды.

-Шығармашылық топ педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетіп, презентациялар мен көрсетілімдерді ұйымдастыруы қажет.»

Шығармашылық топтың сөзі: М.А.Сариева, З.М.Жоламанова.

«Біз педагогикалық кеңеске арналған презентацияларды, көрнекіліктер мен демонстрациялық материалдарды дайындадық.

-Әр педагогтың тәжірибесін бөлісу үшін арнайы постерлер, бейне немесе фото материалдар әзірленді.

-Кеңесте ұсынылатын әдістемелік жаңалықтар мен тәжірибелік ұсыныстар дайын.»

-Әр тәрбиеші өз ұсынысын нақтылап, қорытындысына сәйкес материалдарды жеткізуі тиіс.

-Шығармашылық топ педагогтарды презентациялар мен көрнекіліктерді тиімді қолдануға дайындауда.

-Кеңес барысында әр педагогтың қатысуын қамтамасыз ету үшін уақыт кестесі мен міндеттері анықталды.

-Кеңестің нәтижелерін жазып алу, қорытынды жасау және ұсыныстарды бекіту маңызды.

Қаулы:

1. Шығармашылық тақырыптарды таңдауда жоғарыда аталған тиімді ерекшеліктерді міндетті түрде ескеру.
2. Барлық тәрбиешілер режимдік сәттерді СанПин талаптарына сәйкес орындауға міндетті.
3. Барлық тәрбиешілер ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізбес бұрын әдіскердің нұсқауларына сәйкес дайындалуға міндетті.
4. Құралдар мен материалдарды алдын ала дайындау.
5. Дене шынықтыру бойынша дидактикалық материалдар мен көрнекіліктер қорын жүйелі түрде жаңарту.
6. Құралдар мен көрнекіліктердің сақтау жағдайын қадағалау.
7. Тәрбиешілерге материалдарды тиімді қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар беру.
8. №2 педагогикалық кеңеске дайындықты толық қамтамасыз ету.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



№3 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Хаттама №3

Өткізілген күні: 12.02.2025 жыл

Қатысқандар: 22

Күні тәртібінде:

- 1.Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуы.
- 2.Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас.
- 3.№4 педагогикалық кеңеске дайындық.

1-мәселе бойынша:

- 1.Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуы.

Тыңдалды:

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

- «Вариативтік компонент білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.
- Топтарда вариативтік компонент жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.
- Балалардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктеріне сай қосымша іс-әрекеттер ұйымдастырылған.
- Кейбір топтарда вариативтік компонент бойынша қолданылатын көрнекіліктер мен дидактикалық материалдарды толықтыру қажеттілігі байқалады.
- Вариативтік компоненттің сапалы орындалуы балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.»
- **Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуы**
- «Балалар топтарында вариативтік компонент бойынша әр түрлі іс-әрекеттер ұйымдастырылған.
- Сабақтарда ойын, шығармашылық және спорттық элементтер дұрыс қолданылып, балалардың жеке ерекшеліктері ескерілген.
- Кейбір топтарда құрал-жабдықтар мен көрнекіліктерді толықтыру қажет.»

Жауапты: Әдіскер

Талқылау:

- Тәрбиешілер вариативтік компонентті орындау барысында кездесетін қиындықтармен бөлісті.
- Вариативтік компоненттің мазмұнын байыту және оны жүйелі түрде жоспарлау қажеттілігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

- 2.Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарының орындалуы туралы пікірталас.

Тыңдалды:

Шығармашылық топтың сөзі: М.А.Сариева, З.М.Жоламанова.

- «Педагогтардың көпшілігі өз білімін жетілдіру жоспарына сәйкес курстарға, семинарларға, вебинарларға қатысқан.
- Әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жүргізіліп, тәжірибе алмасу жүзеге асырылуда.
- Кейбір педагогтарда жоспарланған іс-шараларды толық орындауда уақыт тапшылығы байқалады.
- Өздігінен білім жетілдіру нәтижелері тәжірибеде қолданылып, оқу-тәрбие процесінде көрініс табуда.»

Пікірталас:

- Педагогтар өз білімін жетілдіру барысында алған білімдерімен бөлісті.
- Жоспарды орындау кезінде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары талқыланды.
- Өздігінен білім жетілдіру нәтижелерін ашық оқу қызметтері мен педагогикалық кеңестерде көрсету ұсынылды.

3-мәселе бойынша:

3.№4 педагогикалық кеңеске дайындық.

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

-«№4 педагогикалық кеңестің негізгі мақсаты – оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру және педагогтардың кәсіби тәжірибесін талдау.

-Кеңесте қаралатын мәселелер алдын ала анықталып, күн тәртібі жобасы жасалды.

-Педагогикалық кеңеске ұсынылатын баяндамалар, презентациялар және көрнекі материалдар дайындалуы қажет.

-Әр педагог өз тәжірибесін көрсетуге дайын болуы тиіс.

-Кеңесті жоғары деңгейде өткізу үшін дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру маңызды.»

Шығармашылық топтың пікірі: М.А.Сариева, З.М.Жоламанова.

-«Кеңеске қажетті барлық көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар дайындалды.

-Әр педагогқа жеке тапсырмалар беріліп, презентациялар мен постерлер алдын ала пысықталды.

-Кеңес кезінде педагогтардың тәжірибесін көрсету үшін барлық жағдай жасалған.»

Талқылау:

-Кеңеске дайындық барысында әр педагогқа нақты тапсырмалар беру қажеттілігі айтылды.

-Материалдарды уақытылы тапсыру және сапасын тексеру ұсынылды.

-Кеңестің ұйымдастыру мәселелерін алдын ала пысықтау қажет екені атап өтілді.

Қаулы:

1.Топтардағы вариативтік компоненттің орындалуын жүйелі түрде бақылау.

Жауапты: Әдіскер: А.Ж.Ахметова

2.Вариативтік компонент бойынша жоспарларды нақтылап, мазмұнын байыту.

Жауапты: Әдіскер: А.Ж.Ахметова

3.Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарын бақылау және нәтижелерін тәжірибеде қолдануды қамтамасыз ету.

Жауапты: Шығармашылық топ: М.А.Сариева, З.М.Жоламанова.

4.№4 педагогикалық кеңеске дайындықты толық қамтамасыз ету (презентациялар, постерлер, көрнекі материалдар).

Жауапты: Әдіскер: А.Ж.Ахметова

5.Кеңес қорытындысын тіркеп, ұсыныстарды бекіту.

Жауапты: Әдіскер: А.Ж.Ахметова

Келесі әдістемелік кеңеске дайындықты алдын ала жоспарлау.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Хаттама №4

Өткізілген күні: 26.03.2025 жыл

Қатысқандар: 22

Күн тәртібінде:

1. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени – гигиеналық дағдылары.
2. Әлеуметтік дағды бойынша бағдарламалық мазмұнның орындалуы туралы салыстырмалы бақылау қорытындысы.
3. Аттестаталатын педагогтардың портфолиосын талдау.

1-мәселе бойынша:

1. Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени және гигиеналық дағдыларын бақылау.
2. Қажет түзету және ұсыныстар жасау.

Тыңдалды:

Әдіскер: А.Ж.Ахметова сөйледі.

- «Балалардың тамақтану сәтінде мәдени-гигиеналық дағдылары маңызды рөл атқарады.
- Тамақ алдында және кейін қолды дұрыс жуу, дастарқанға отыру мәдениеті, құралдарды дұрыс пайдалану – басты талаптар.
- Тамақтану кезінде балалардың әдепті мінез-құлқын, өзара сыпайылығын және құралдарды дұрыс қолдануын бақылау қажет.
- Кейбір балаларда әлі де қол жуу, қасық, шанышқыны дұрыс ұстау сияқты дағдылар толық қалыптаспаған.
- Тәрбиешілердің міндеті – балаларға нақты үлгі көрсету, бағыт беру және дұрыс дағдыларды қалыптастыру.»

Талқылау:

- Тәрбиешілер балалардың тамақтану мәдениеті мен гигиеналық дағдыларын дамытуда кездесетін қиындықтармен бөлісті.
- Қолданылатын әдістер: үлгі көрсету, ойын арқылы үйрету, жүйелі бақылау.
- Қосымша көрнекіліктер (плакаттар, схема, суреттер) арқылы балалардың дағдыларын бекіту ұсынылды.

2-мәселе бойынша:

2. Әлеуметтік дағды бойынша бағдарламалық мазмұнның орындалуы туралы салыстырмалы бақылау қорытындысы.

Шығармашылық топтың сөзі: М.А.Сариева, З.М.Жоламанова.

- «Салыстырмалы бақылау барысында балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту бағдарламасының мазмұнының орындалуы зерттелді.
- Балалардың топта ынтымақтастыққа қабілеттілігі, өз пікірін айту және әріптестеріне көмектесу дағдылары бақыланды.
- Бағдарламалық мазмұн жалпы топтарда орындалғанымен, кейбір элементтерді жетілдіру қажет.
- Әлеуметтік дағдылардың толық қалыптаспаған аспектілеріне: ережелерді сақтау, өзара сыйластық және топтық ойындарға белсенді қатысу жатады.»

Тәрбиешілердің пікірлері:

- «Топтық ойындар мен практикалық жаттығулар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға тиімді.

-Кейбір балаларда өз пікірін ашық айту немесе топтағы ережелерді сақтау деңгейі төмен.

-Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қосымша әдістемелік қолдау қажет.»

Талқылау:

-Бағдарламалық мазмұнның орындалу деңгейі әр топ бойынша салыстырмалы түрде талқыланды.

-Әлеуметтік дағдылардың толық жетілмеуін ескере отырып, қосымша ойындар мен практикалық тапсырмалар енгізу ұсынылды.

-Тәрбиешілерге әлеуметтік дағдыларды бақылау және жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстар беру қажет.

3-мәселе бойынша:

Аттестатталатын педагогтардың портфолиосын талдау.

Аттестаттау комиссия мүшелерінің сөзі:

-«Аттестатталатын педагогтардың портфолиосы оқу-тәрбие процесіндегі кәсіби жетістіктерін көрсетуге арналған маңызды құжат.

-Портфолио құрылымы: жеке ақпарат, кәсіби жетістіктер, біліктілікті арттыру, сабақ жоспарлары, дидактикалық материалдар және педагогикалық тәжірибесі.

-Талдау барысында кейбір педагогтар портфолиосын толық, жүйелі және көрнекі түрде ұсынған.

-Кейбір портфолиоларда материалдардың толық болмауы немесе құрылымның айқын еместігі байқалды.

-Бағалау критерийлері: толықтық, жүйелілік, жаңашылдық, тәжірибелік қолданылу, кәсіби даму деңгейі.»

Талқылау:

-Аттестатталатын педагогтардың портфолиосы салыстырмалы түрде бағаланды.

-Жетістіктері жоғары педагогтар: материалдарды толықтыру, көрнекіліктерді қолдану, шығармашылық әдістерді көрсету.

-Жетілдіру қажет педагогтар: құрылымын нақтылау, материалдарды толықтыру, тәжірибе бөлісу мысалдарын қосу.

-Әдіскер портфолионы жақсарту бойынша ұсыныстар берді: жүйелілік, көрнекілік, тәжірибелік мысалдар қосу, өз жетістіктерін көрсету.

Қорытынды:

1.Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары:

-Жалпы балалардың қол жуу, дастарқанға отыру және құралдарды дұрыс пайдалану дағдылары қалыптасқан.

-Кейбір балаларға үлгі көрсету және қосымша бақылау қажет.

-Әдіскер ұсынысы: көрнекі схемалар мен плакаттар арқылы дағдыларды бекіту.

2.Әлеуметтік дағды бойынша бағдарламалық мазмұн:

-Бағдарламалық мазмұн орындалған, бірақ кейбір әлеуметтік дағдылар толық дамымаған (топта ынтымақтастық, ережелерді сақтау).

-Шығармашылық топ ұсынысы: ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы әлеуметтік дағдыларды жетілдіру.

3.Аттестатталатын педагогтардың портфолиосы:

-Портфолиолардың көпшілігі талаптарға сай, бірақ кейбірінде толықтыру қажет.

-Портфолио арқылы педагогтардың кәсіби деңгейі мен шығармашылық қабілеті көрінеді.

-Аттестаттау комиссиясы ұсынысы: құрылымды нақтылау, тәжірибелік мысалдар қосу,
кәсіби жетістіктерді көрсету.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



№5 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Хаттама №5

Өткізілген күні: 14.05.2025 жыл

Қатысқандар: 24

Күн тәртібінде:

1. Балалардың біліктері мен дауының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
2. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.
3. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру.
4. Жас мамандар мектебінің жұмысы туралы есеп беру.
5. Балалардың мектепке оқуға даярлығы.

І-мәселе бойынша:

1. Балалардың біліктері мен дауының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ахметова А.Ж

-«Балалардың біліктері мен дағдыларының қорытынды мониторингі оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалау үшін жүргізілді.

-Мониторинг барысында әр бала жеке бақылаудан өтті, оқу және ойын іс-әрекеттеріндегі дағдылар мен білім деңгейі тексерілді.

-Нәтижелер көрсеткендей, балалардың көбінің негізгі дағдылары қалыптасқан, бірақ кейбір балаларда қосымша қолдау қажет.

-Мониторинг критерийлері: пәндік білім деңгейі, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттер, коммуникативтік және әлеуметтік дағдылар.»

Сөйлеген тәрбиеші: Ж.Ж.Исмагулова

-«Мониторинг барысында балалардың ойын және оқу іс-әрекеттеріндегі дағдыларын нақты бақыладым.

-Көптеген балалар тапсырмаларды өздігінен орындайды, топпен жұмысқа белсенді қатысады, өз пікірін білдіруді біледі.

-Алайда кейбір балаларға бағыттау қажет болды: тапсырманы орындауда қосымша түсіндірме, коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін ойын жаттығулары қажет.

-Жұмысты қызықты әрі әр баланың мүмкіндігіне сай ұйымдастыру маңызды.

-Қорытынды нәтижелер бойынша балалардың даму деңгейін арттыру үшін практикалық ойындар мен көрнекіліктерді қолдануды ұсынамын.»

Талқылау:

-Балалардың біліктері мен дағдылары салыстырмалы түрде бағаланды.

-Дамуы жоғары балалар: тапсырмаларды өздігінен орындау, логикалық ойлау, топтық жұмысқа белсенді қатысу.

-Қосымша қолдау қажет балалар: тапсырмаларды орындауда бағыттау қажет, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

-Тәрбиешілерге ұсынылған: ойындар, практикалық жаттығулар және көрнекі материалдар арқылы дағдыларды жетілдіру.

2-мәселе бойынша:

2. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ахметова А.Ж

-«Үйірме жұмыстары балалардың қызығушылықтарын дамыту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін ұйымдастырылады.

-Кешенді бақылау барысында балалардың белсенділігі, сабаққа қатысу деңгейі, тапсырмаларды орындау сапасы тексерілді.

-Балалардың іс-әрекеті бағдарламалық талаптарға сәйкес жүргізілуі маңызды.

-Келесі кезеңде үйірме жұмыстарын жүйелі жоспарлау және әр балаға арналған бағыттау ұсынылады.»

Әдістемелік кеңес мүшелерінің сөзі:

-«Бақылау нәтижелері көрсеткендей, үйірме сабақтары қызықты әрі тиімді өтіп жатыр.

-Кейбір балаларға қосымша қолдау қажет: топтық жұмысты үйлестіру, тапсырмаларды орындауда көмек көрсету.

-Жетілдіру үшін көрнекі құралдар, практикалық тапсырмалар және ойын түріндегі жаттығулар қолдану ұсынылады.

-Үйірме бағдарламасының орындалуы туралы жүйелі есеп беру маңызды.»

Талқылау:

-Үйірме сабақтарының мазмұны бағдарламалық талаптарға сай.

-Балалардың белсенділігі орташа деңгейде, кейбір топтарда белсенділік төмен.

-Тәрбиешілерге ұсынылған: балалардың белсенділігін арттыру, тапсырмаларды орындауда нақты бағыт беру, ойын және практикалық жаттығуларды көбейту.

Қорытынды:

-Үйірме жұмыстарының өткізілуі жалпы талаптарға сәйкес.

-Балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін қосымша әдістемелік қолдау қажет.

-Үйірме бағдарламасының орындалуын жүйелі бақылау және нәтижелерді тіркеп, қорытынды жасау ұсынылады.

3-мәселе бойынша:

3. Шығармашылық топтың жұмысы туралы есеп беру.

Есеп беру:

Шығармашылық топтың сөзі:

-«Биылғы оқу жылында шығармашылық топ балалардың әлеуметтік дағдыларын, білімдерін және ойын іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар атқарды.

-Топ келесі бағыттар бойынша жұмыс істеді:

1. Үйірме және топтық сабақтарда инновациялық әдістемелерді қолдану.

2. Педагогтармен бірлесіп әдістемелік материалдар дайындау.

3. Балалардың белсенділігін арттыруға бағытталған ойын және практикалық жаттығулар жүргізу.

4. Бағдарламалық мазмұнның орындалуын салыстырмалы бақылау және нәтижелерді тіркеу.

-Жұмыстың нәтижесінде балалардың әлеуметтік дағдылары мен қызығушылық деңгейі артты.

-Кейбір бағыттар бойынша қосымша әдістемелік қолдау қажет.»

Талқылау:

-Шығармашылық топтың жұмысы тиімді, педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетілген.

-Балалардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеті артқан.

-Жетілдіру қажет бағыттар: кейбір балаларға жеке жұмыс, жаңа көрнекі құралдар, практикалық жаттығуларды көбейту.

4-мәселе бойынша:

4.Жас мамандар мектебінің жұмысы туралы есеп беру.

Есеп беру:

Сөйлеген тәрбиеші:Д.Н.Бисеналина

-«Жас мамандар мектебі жыл бойы жаңадан келген педагогтарды қолдау, кәсіби деңгейін көтеру және тәжірибе алмасу үшін ұйымдастырылды.

-Жұмыс келесі бағыттарда жүргізілді:

1.Педагогикалық шеберлік сабақтары мен семинарлар – жаңа педагогтарға сабақ жоспарлау, балалармен жұмыс жүргізу, тиімді әдістемелерді қолдану бойынша практикалық сабақтар өткізілді.

2.Әдістемелік қолдау көрсету – сабақ жоспарын құрастыруда, оқу-тәрбие процесінде кездесетін мәселелерді шешуде кеңес беру.

3.Қолданбалы материалдар мен дидактикалық ресурстармен жұмыс – көрнекіліктерді пайдалану, ойын түріндегі жаттығулар, интерактивті тапсырмалар.

4.Педагогтардың кәсіби жетістіктерін бақылау – сабақ өткізудегі дағдылар, шығармашылық қабілет, балалардың дамуына әсері салыстырмалы түрде бағаланды.

-Нәтижесінде жас мамандардың кәсіби деңгейі артты, сабақтарды жоспарлау және өткізу дағдылары жақсарды.

-Кейбір педагогтарға қосымша бағыттау және тәжірибелік қолдау қажет болды.

-Жұмыс барысында педагогтар бір-бірімен тәжірибе алмасты, әр сабақтан кейін рефлексия жүргізілді.»

Талқылау:

-Жас мамандар мектебінің жұмысы тиімді, педагогтарға әдістемелік және тәжірибелік қолдау көрсетілген.

-Жас педагогтардың сабақ жүргізу, жоспарлау және шығармашылық дағдылары айтарлықтай дамыған.

-Қосымша назар аудару қажет бағыттар:

-жеке педагогтарға практикалық нұсқаулық беру;

-көрнекі материалдарды тиімді пайдалану;

-кейбір сабақтарда балалардың белсенділігін арттыру үшін қосымша әдістер қолдану.

-Педагогтар сабақ барысында өз тәжірибелерін бөлісті және шығармашылық шешімдер ұсынды.

5-мәселе бойынша:

5.Балалардың мектепке оқуға даярлығы.

Сөйлеген психолог: А.К.Айжанова

-«Балалардың мектепке оқуға даярлығы – олардың когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық және моторлық дағдыларының кешенді қалыптасуына байланысты.

-Мониторинг барысында балалардың төмендегі көрсеткіштері бағаланды:

1.Коммуникативтік дағдылар – ойлау қабілеті, есте сақтау, логикалық ойлау.

2.Әлеуметтік дағдылар – топта қарым-қатынас жасау, ережелерді сақтау, өзара сыйластық.

3.Эмоционалдық тұрақтылық – қобалжуды басқару, жаңа жағдайларға бейімделу, сенімділік деңгейі.

4. Моторикалық дағдылар – жазу, кесу, қолданбалы іс-әрекеттерді орындау.

-Қорытынды нәтижелер көрсеткендей:

-Балалардың басым көпшілігі мектепке дайын, негізгі коммуникативтік, әлеуметтік және моторикалық дағдылары қалыптасқан.

-Кейбір балаларға қосымша психологиялық қолдау қажет, әсіресе эмоциялық тұрақтылық пен әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту үшін.

-Жеке жұмыс жүргізу қажет балаларға бағытталған психологиялық ойындар, топтық жаттығулар және практикалық тапсырмалар арқылы қолдау көрсету маңызды.

-Жалпы, мониторинг нәтижелері балалардың мектепке психологиялық, әлеуметтік және когнитивтік тұрғыдан дайын екенін көрсетті, ал қосымша жұмыс кейбір тұлғалық аспектілерді жетілдіруге бағытталуы тиіс.»

Талқылау:

-Балалардың мектепке даярлығы орташа және жоғары деңгейде бағаланды.

-Дамуы жоғары балалар: тапсырмаларды өздігінен орындау, логикалық ойлау, топтық жұмысқа белсенді қатысу.

-Қосымша қолдау қажет балалар: эмоционалдық тұрақтылықты арттыру, әлеуметтік дағдыларын жетілдіру, сенімін қалыптастыру.

-Педагогтармен бірлесіп психологиялық ойындар, топтық жаттығулар және практикалық тапсырмалар қолдану ұсынылды.

-Мониторинг педагогтар мен психологқа балалардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Қаулы:

- Педагогтардың сабаққа дайындық деңгейін арттыру ұсынылады.

-Кейбір балаларға бағыттау және психологиялық қолдау қажет.

-Мониторинг нәтижелері педагогтарға ақпарат ретінде беріліп, жеке даму жоспарлары әзірленуі тиіс.

-Алдағы кезеңде жүйелі бақылау мен қосымша психологиялық жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады.

-Алдағы кезеңде жаңа әдістемелік материалдар әзірлеу, жеке бағыттағы жұмыстарды күшейту ұсынылады.

-Кейбір балаларға бағыттау және қосымша әдістемелік қолдау қажет.

-Кейбір жаңа педагогтарға қосымша бағыттау және тәжірибелік қолдау қажет.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

